

Ж. Мұзапар, 3-курс

Ғылыми жетекшісі: Ж. Ш. Кусаинов, криминалистика кафедрасының аға оқытушы

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

КҮДІКТІ МЕН АЙЫПТАЛУШЫДАН ЖАУАП АЛУДЫҢ ТАКТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам, оның құқықтары мен бостандығы аса жоғары құндылық болып табылады деп жариялады. Адамның құқықтары мен бостандығын тану, сақтау және қорғау — мемлекеттің міндеті. Бұнда барлық азаматтарды қылмыстық қол сұғушылықтан және басқа да заңсыз іс-әрекеттерден құқықтары мен бостандығын қорғау, сонымен қатар қылмыс жасауда кінәлі тұлғалардың, олардың қылмыстық іс-әрекеттері үшін сот тағайындаған жазаны өтейтін тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы сөз қозғалып отыр. Көрсетілген конституциялық ережелер мемлекеттік қызметтің барлық салаларында аса маңызды, алайда олардың рөлі азаматтардың құқықтары мен бостандығы айтарлықтай анық көрінетін қылмыстық сот ісін жүргізу саласында ерекше маңыздылыққа ие.

Тұлғаны қылмыс жасауда айыпты деп тану және оған қылмыстық жаза тағайындау соттың айрықша құзыреті болып табылады, алайда істерді сотта ойдағыдай қарастырудың алғышарттары әлдеқашан алдын ала тергеуде қалыптасады¹. Қазіргі уақытта қылмыстарды тергеуді барлығына белгілі кадрлық, қаржы және материалдық-техникалық сипаттағы ғана емес, басқа да факторлармен алдын ала белгіленген ерекше қиын жағдайларда жүзеге асыру тура келеді. Бүгінгі таңда идеологиялық, саяси және экономикалық басымдықтардың түбегейлі өзгерістері орын алуда, бұл қылмыстық істер бойынша тергеушілердің жұмысына ықпалын тигізбеуі мүмкін емес.

Өткен жылдағы және ағымдағы жылдың басындағы Қазақстандағы криминалдық жағдай әлі де қиын болуда. Тіркелген қылмыстардың саны өсіп кетті. Сонымен қатар қасақана кісі өлтіру, қарақшылық, пәтер ұрлықтары және басқа да ауыр қылмыстар едәуір көбейе түсті. Есірткі бизнесімен байланысты қылмыстардың саны үштен бірге өсті. Қылмыстылық ортасының кәсіптілігі және оның құқық қорғау органдарына қарсы әрекет етуі өсуде. Алайда бір жыл ішіндегі өзгерістерді тұрақты үдеріс деп тануға болмайды. Аталған деректерді, әсіресе, кадрлардың айтарлықтай жасаруын ескере отырып, қазіргі кезде құқық қорғау құрылымдарының алдында тұрған ең басты міндеттерінің бірі айтарлықтай білікті тергеушілердің кәсіби өзегін қалыптастыру, тергеу жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту болып табылады.

Қылмыстарды тиісті дәрежеде тергеу ісінде әртүрлі тергеу әрекеттерінің ішінде жауап алу айтарлықтай маңызға ие. Процессуалдық-тактикалық және психологиялық тұрғыда жауап алу күрделі тергеу әрекеті болып табылады. Практикада теориялық кемшіліктердің орын алуы әртүрлі түрдегі бұзушылықтарға, оны жүргізу кезінде қателіктерге әкеп соқтырады, бұл түбінде нақты қылмыстық іс бойынша тергеудің жалпы нәтижесі үшін белгілі бір із қалдырмай өтпейді².

Жауап алудың нәтижелері шешуші болмаса да, аса маңызды болары сөзсіз. Олар істің нақты жағдайларын анықтауға мүмкіндік беретін жалғыз болжамды таңдауға, сонымен қоса бұрын жауап алынған тұлғалардың айғақтарындағы айтарлықтай қарама-қайшылықтарды жоюға септігін тигізеді. Шын мәнінде, жауап алу іс бойынша ақиқатты анықтауға бағытталған³.

Жағдайды бағалай білу қажет және оған сәйкес мінез-құлық бағытын таңдау, яғни тергеу әрекеттерін жүргізудің аса ұтымды және тиімді әдістерін таңдау қажет. Әрбір адамға әсер етудің тәсілдерін табу қиын, тергеуші жауап алушы тұлғаны әңгімеге тарта білу, кейбір жағдайларда айыпталушы адамның кінәсін мойындау жолдарын жеңілдету білу сияқты қасиеттерге ие болуы тиіс, себебі кез келген адамға өтірігін мойындау қиын. Бұдан тергеуші психологтің білімі мен дағдыларына ие болуы тиіс деген қорытынды шығады.

Жауап алуды жүргізе отырып, тергеуші заңның нормаларына сәйкес жұмыс істейді, этика нормалары мен ережелеріне қарама-қайшы келмейді. Алайда елімізде ешбір құптауға лайық емес жауап алудың дәстүрлі емес тәсілдері бар, бұл, менің ойымша, негізделмеген. Олардың кейбіреулеріне деген көзқарасты қарастыруға, мүмкін нормативтік тұрғыда бекітуге болатын еді. Бұған мысал ретінде полиграфты келтіруге болады, оны қолдану 60-70 жылдардың өзінде-ақ ізгілікке қарсы және жалған ғылым болып саналса, қазіргі уақытта аталған құрылғы жауап алуға дайындық кезінде кең ауқымда пайдаланылады. Өкінішке қарай, оны Қазақстан Республикасында пайдалану тек ведомстволық деңгейде ғана бекітілген.

Жауап алудың құқықтық және криминалистік (технологиялық) сипаттарын, жауап алудың жеке түрлерін дайындау мен өткізудің ерекшеліктерін білу және оларды пайдалана білу — тергеу әрекеттерінің мақсаттарына қол жеткізудің маңызды шарты болып табылады.

Алдын ала тергеу барысында жауап алынушы айыпталушылар мен күдіктілердің барлығы дерлік сотталушы орнында бола бермейді. Оны заңды күшіне енген үкімдер бойынша сотталғандар туралы статистика куәландырады.

¹ Васильев А. Н., Карнеева Л. М. Тактика допроса при расследовании преступлений. — М., 1970.

² Криминалистика: Учебн. / Отв. ред. Б. М. Нурғалиев — Караганда, 2009.

³ Шакенов А. О. Криминалистика: Оқулық. — Астана, 2008.